

"Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Шет ел тілдері әскери институты" мемлекеттік мекемесін құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 12 шілдедегі N 754 қаулысы

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарын жасақтау үшін мамандар даярлау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Шет ел тілдері әскери институты" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Мекеме) құрылсын.

2. Мыналар Мекеме қызметінің негізгі түрлері болып белгіленсін:

- 1) арнайы әскери жоғары білімі бар офицер кадрларын даярлау;
- 2) офицерлер құрамын қайта даярлау және жетілдіру.

3. Мекемені қаржыландыру 2005 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерін ұстауға республикалық бюджетте көзделген қаражат есебінен және шегінде жүргізілсін.

4. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі заңнамада белгіленген т ә р т і п п е н :

1) үш ай мерзімде Мекеме туралы ережені әзірлесін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізсін;

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 10 наурыздағы N 298-11 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери оқу орындары мен әскери-ғылыми мекемелеріне арналған штаттық саны лимитінің шегінде Мекеменің тұрақты және ауыспалы құрамының құрылымы мен штат санының лимитін б е к і т с і н ;

3) офицер кадрларды даярлау үшін қажетті оқу, материалдық және техникалық база қ ұ р с ы н ;

4) Мекемені оқу қару-жарақпен, техникамен және өзге де әскери-техникалық мү л і к п е н қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

5) Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бірлесіп, оқу жоспарларын және оқыту бағдарламаларын әзірлесін және бекітсін;

6) Мекемедегі оқу процесін 2005/2006 оқу жылынан бастап ұйымдастырсын;

7) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

5. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 27.06.2014 № 707 қаулысымен.**

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК